



Сыр бойы

№10 (20886)

23 қаңтар, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboiy_kz

www.instagram.com/syrboiy_kz

t.me/syrboiy_kz

twitter.com/syrboiy

/// ПРЕЗИДЕНТ

СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

«Ақорда» резиденциясында тоғыз елдің төтенше және өкілетті елшілерінің Қазақстан Президентіне сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Кипр Республикасының елшісі Петрос Накузис, Жапония елшісі Ясумаса Ииджима, Қытай Халық Республикасының елшісі Хань Чуньлинь, Австрия Республикасының елшісі Андреа Бахер, Буркина-Фасо елшісі Аристид Рапулдонба, Людовик Тапсоба, Лаос Халық Демократиялық Республикасының елшісі Сипхандон Ойбуабуди, Жана Зеландия елшісі Марк Джулиан Трейнор, Дания Корольдігінің елшісі Йеспер Вар, Словения Республикасының елшісі Аленка Сухадолник табыстады.

Президент еліміз жаһандық және өңірлік деңгейдегі тыныштық пен қауіпсіздікті қолдауға бағытталған бейбітсүйгіш саясат ұстанатынын жеткізді. Бұл – Қазақстанның сыртқы саясаттағы басты бағдары.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан әлемдік ауқымдағы іс-шаралар мен кездесулерге ұйытқы бола отырып, халықаралық арендаға белсенді ойыншыға айналды. Өңірдегі ірі экономикасы бар ел ретінде түрлі мемлекеттерден инвестицияны көптен тартып отыр. Сондай-ақ Қазақстан нарығы экономикалық ынтымдастыққа ашық.

Кездесу соңында Президент елшілердің ресми түрде дипломатиялық миссияларының басталуымен құттықтап, олардың мемлекеттер басшыларына ыстық ықыласын жеткізді.



КӨНІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Президентіне көңіл айту жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жеделхатта Болу провинциясында орналасқан Каргалық тау шаңғысы орталығында болған өрт салдарынан көптеген адамның қаза тапқаны туралы сұыт хабарды терең күйзеліспен қабылдағанын жеткізді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстан халқының және өзінің атынан Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған мен жақындарынан айырылған отбасыларға, сондай-ақ бауырлас түрік халқына көңіл айтып, зардап шеккендердің тез арада сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ ӨТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен 2025 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысы өтеді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Отырыс барысында еліміздің былтырғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары шығарылып, Үкіметтің алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттері айқындалады. Сонымен қатар Премьер-министр Олжас Бектенов, Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов және бірқатар өңірдің әкімдері баяндама жасайды.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасын іске асыру, IT-экспортты дамыту мәселелері қаралды. Жылдың облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметі.

ТАЗАЛЫҚ – ТҮРҒЫНДАР МӘДЕНИЕТІНІҢ ӨЛШЕМІ

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімінің төрағалығымен өткен мәжілісте мәселелер кеңінен талқыланып, қала, аудан әкімдері мен сала жетекшілеріне тапсырмалар жүктелді.

– Мемлекет басшысы жыл сайынғы халыққа Жолдауында барлық саладағы цифрлық трансформацияның маңыздылығын үнемі айтып келеді. Биыл жасанды интеллектке баса мән берілуіде. Азаматтардың жасанды интеллектті пайдалану тетіктерін енгізуде нақты шаралар қабылдауымыз қажет. Оның мүмкіндіктерін барлық салада кеңінен пайдалану, халықтың дайын сервистері тез игеруіне мүмкіндік жасау маңызды. Білім саласындағы олимпиадаларға, басқа да іс-шараларға жасанды интеллект тақырыбын қосу қажет. Облысымызда технопарктерде жасанды интеллект өнімдерін зерттеумен қоса, оның мүмкіндіктерін пайдалануға тұрғындарды кеңінен оқыту, насихаттау керек.

Қоршаған ортаны таза ұстау, туған жерімізді қорғауды, абаданандыру, абаданандыру күнделікті өлетіне, өмір салтына айналуы тиіс. Бұл маңызды жұмыстарды тұрақты жүргізуге, кеңінен дәріптеуге қала және аудан әкімдері, барлық басқармалар мен мекеме басшылары, сондай-ақ бизнес қауымдастық өкілдері тікелей жауапты.

«Таза Қазақстан» порталының басты мақсаты – тұрғындармен жылдам әрі ашық кері байланыс орнату. Келіп түскен ескертулер, шағымдар мен ұсыныстарға дер кезінде жауап беру қажет, – деді облыс басшысы.

Мемлекет басшысының бастама-сымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында санитарлық тазалық, абаданандыру, тұрғындардың қолайлы өмір сүруіне жағдай жасалауда. Тұрғындар, жастар ұйымдары мен кәсіпорын қызметкерлері бағдарламаны қолдап, тазалық жұмыстарына белсенді қатысты. Елді мекендердегі скверлер мен парктер, тарихи-мәдени ескерткіштер, әлеуметтік, өнеркәсіп, кәсіпкерлік нысандары, аулалар мен көшелері тез игеруіне мүмкіндік жасау маңызды. Білім саласындағы олимпиадаларға, басқа да іс-шараларға жасанды интеллект тақырыбын қосу қажет. Облысымызда технопарктерде жасанды интеллект өнімдерін зерттеумен қоса, оның мүмкіндіктерін пайдалануға тұрғындарды кеңінен оқыту, насихаттау керек.

Қоршаған ортаны таза ұстау, туған жерімізді қорғауды, абаданандыру, абаданандыру күнделікті өлетіне, өмір салтына айналуы тиіс. Бұл маңызды жұмыстарды тұрақты жүргізуге, кеңінен дәріптеуге қала және аудан әкімдері, барлық басқармалар мен мекеме басшылары, сондай-ақ бизнес қауымдастық өкілдері тікелей жауапты.

«Таза Қазақстан» порталының басты мақсаты – тұрғындармен жылдам әрі ашық кері байланыс орнату. Келіп түскен ескертулер, шағымдар мен ұсыныстарға дер кезінде жауап беру қажет, – деді облыс басшысы.

Мемлекет басшысының бастама-сымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында санитарлық тазалық, абаданандыру, тұрғындардың қолайлы өмір сүруіне жағдай жасалауда. Тұрғындар, жастар ұйымдары мен кәсіпорын қызметкерлері бағдарламаны қолдап, тазалық жұмыстарына белсенді қатысты. Елді мекендердегі скверлер мен парктер, тарихи-мәдени ескерткіштер, әлеуметтік, өнеркәсіп, кәсіпкерлік нысандары, аулалар мен көшелері тез игеруіне мүмкіндік жасау маңызды. Білім саласындағы олимпиадаларға, басқа да іс-шараларға жасанды интеллект тақырыбын қосу қажет. Облысымызда технопарктерде жасанды интеллект өнімдерін зерттеумен қоса, оның мүмкіндіктерін пайдалануға тұрғындарды кеңінен оқыту, насихаттау керек.

Қоршаған ортаны таза ұстау, туған жерімізді қорғауды, абаданандыру, абаданандыру күнделікті өлетіне, өмір салтына айналуы тиіс. Бұл маңызды жұмыстарды тұрақты жүргізуге, кеңінен дәріптеуге қала және аудан әкімдері, барлық басқармалар мен мекеме басшылары, сондай-ақ бизнес қауымдастық өкілдері тікелей жауапты.

«Таза Қазақстан» порталының басты мақсаты – тұрғындармен жылдам әрі ашық кері байланыс орнату. Келіп түскен ескертулер, шағымдар мен ұсыныстарға дер кезінде жауап беру қажет, – деді облыс басшысы.

Мемлекет басшысының бастама-сымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында санитарлық тазалық, абаданандыру, тұрғындардың қолайлы өмір сүруіне жағдай жасалауда. Тұрғындар, жастар ұйымдары мен кәсіпорын қызметкерлері бағдарламаны қолдап, тазалық жұмыстарына белсенді қатысты. Елді мекендердегі скверлер мен парктер, тарихи-мәдени ескерткіштер, әлеуметтік, өнеркәсіп, кәсіпкерлік нысандары, аулалар мен көшелері тез игеруіне мүмкіндік жасау маңызды. Білім саласындағы олимпиадаларға, басқа да іс-шараларға жасанды интеллект тақырыбын қосу қажет. Облысымызда технопарктерде жасанды интеллект өнімдерін зерттеумен қоса, оның мүмкіндіктерін пайдалануға тұрғындарды кеңінен оқыту, насихаттау керек.

Қоршаған ортаны таза ұстау, туған жерімізді қорғауды, абаданандыру, абаданандыру күнделікті өлетіне, өмір салтына айналуы тиіс. Бұл маңызды жұмыстарды тұрақты жүргізуге, кеңінен дәріптеуге қала және аудан әкімдері, барлық басқармалар мен мекеме басшылары, сондай-ақ бизнес қауымдастық өкілдері тікелей жауапты.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

БИЫЛҒЫ МЕЖЕ – ЖАҚСЫ ЖОЛДЫҢ ҮЛЕСІН 95 ПАЙЫЗҒА ЖЕТКІЗУ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте автожол саласының мәселелері талқыланды. Оған селекторлық режимде қала, аудан әкімдері мен жауапты сала басшылары қатысты. Аймақ басшысы автомобиль жолдарының сапасына қатысты тапсырмалар жүктеді.

– Өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Атырау қаласындағы Ұлттық құрылтайдың отырысында «Автокөлік жолдары – елдің экономикалық және әлеуметтік тыныс-тіршілігінің

құретамыры. Сапалы жол жалпұмұлттық міндетке айналуы керек. Жолдың сапасы жақсармай, еліміздің дамуы туралы сөз қозғау мүмкін емес» деп атап айтты.

2-бет



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

КӘСІПТІК БІЛІМГЕ КЕҢ ТЫНЫС

«Жұмысшы мамандықтарының жылына» орай техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалауды жүзеге асыру мақсатында республикалық жоспар бекітілді. Сондай-ақ ҚР Оқу-ағарту министрлігі тарапынан кәсіптік-техникалық білім беруді трансформациялаудың 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасы қабылданды. Бұл бағытта облыс орталығындағы М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжінде ауқымды істер атқарылмақ. Биыл жас мамандар даярлайтын білім ұясына жетпіс жыл толады. 2014 жылы оқу ордасына белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Мұстахым Ықсановтың есімі берілді.

2-бет

/// ӨНІР ӨНІМІ

НАРЫҚҚА ЖОЛДЫ НАҚТЫ ҚАДАМ ШЕШЕДІ

Шиелі ауданында кәсіпкерлік саласы қарқын алған. Мұнда шағын және орта бизнес едәуір ілгерілеп, кәсіп бастаған жандар ісін жандандырып келеді. Солардың бірі – «BarlyBai & K» өндірістік кооперативі. Кәсіп иесі – Қанат Мұсаев. Өткен жылы ашылған қызанақтан томат пастасын өндіретін цех жұмысы өркендей түскен. Кәсіпкер бізбен әңгімесінде шаруа жайын, өнімнің құрамын, сұраныстың қалай болып жатқанын және тауарды өткізуде қандай мәселелер бар екенін айтып берді.

3-бет



/// МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАРЫҚ ҚЫМБАТТАДЫ МА?

«Өткен айда электр энергиясына өдеттегіден көп төледік». Қызылордада жұрт жарықтың бағасына шағым айтып, шулап кетті. Бірақ бұл уақытша мәселе екен. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Тахир Нәдірбек мәселенің мән-жайын ашып айтты.

Басқарма өкілінің сөзіне қарағанда, аймақтағы «Энергосервис», «Шиелі жарығы» және «Дәулетэнерго» сияқты энергиямен жабдықтаушы ұйымдар қызметін тоқтатты. 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап бұл қызмет түрі «КЭТТК» АҚ қолына өтіп, ел аумағында «КРЭК» аталып кеткен мекеме энергиямен жабдықтау қызметін қоса жүзеге асыруда. Тұрғындар наразылығының себебі осы өзгерістерге келіп тіреледі.

– Өткен жылдың соңында «электр энергиясы қымбаттады ма?» деген сұрақ көбейді. Тариф өскен жоқ. 2024 жылдың 18 желтоқсанындағы лицензия негізінде энергиямен жабдықтау қызметін «КЭТТК» АҚ жүзеге асыруда. 2025 жылдың ақпан айына дейін Қызылорда қаласында «Энергосервис» серіктестігі тарапынан электр энергиясын тұтыну көрсеткіші бойынша есеп жүргізілуде. Халыққа ұсынылған есеп тарифтің көтерілуіне емес, тұтыну көрсеткішін қабылдау уақытының ұзаруына байланысты көбейген. Бұрын жарық тұтыну көрсеткіші ай сайын тұрақты түрде 30 күнге есептелетін.

Өткен жылдың соңында 45 күнге есептелген. Тұтынушыдан соңғы көрсеткіш 15 қарашада алына, аталған мекеменің жабылуына байланысты одан кейін желтоқсан айының соңына дейінгі есебі айналған. Тұрғындардың «көп төледік» деп жүргені – осы



Коллаж К.Орғабайев

айырмашылық. Енді мұндай болмайды, төлем жасау тәртібі бұрынғы қалпына түседі, – деді Тахир Нәдірбек.

Сараланған тариф деңгейі бұған дейін интернет желісінде ашық жарияланған. Басқарма өкілі бұл өзгерістен халық ақпарат құралдары арқылы хабардар болғанын жеткізді.

Облыс тұрғындары күніне 210 МВт электр энергиясын тұтынады екен. Оның 85,21 МВт-ы Қызылорда қаласының үлесінде. ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитеті облыс бойынша департаментінің мәліметіне сүйенсек, электр энергиясы үшін тариф бытыр тамызда Қызылорда қаласы

бойынша жеке тұлғаларға 1 кВт/сағатқа 22,02 теңге болып бекітілген.

– Арал, Қазалы аудандарында – 21,96 теңге, «Шиелі жарығы» ұйымы қызмет көрсеткен қалған аудандарда – 23,13 теңге. Бұл – қосымша күн салығын қоспағандағы тариф. Жоғарыда «КЭТТК» электрмен жабдықтау қызметін қоса қолына алғанын айттық. Алдағы уақытта жаңа тариф бекіту мәселесі қаралады, – деді департамент басшысы Айбек Егембергенов.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

БИЫЛҒЫ МЕЖЕ – ЖАҚСЫ ЖОЛДЫҢ ҮЛЕСІН 95 ПАЙЫЗҒА ЖЕТКІЗУ



Бұған дейінгі жол саласына қатысты мәжілістерде сапаға баса мән беруді тапсырып келемін. Бұл ретте Жол активтері Ұлттық сапа орталығының рөлі ерекше. Орталық

облыстағы 91 жобадан 1884 сынама алып, 138 ақауды анықтаған. Оның ішінде Қызылорда қаласындағы 31 жобадан анықталған 14 ақау бүгінгі күнге дейін қалпына келтірілмеген. Кемшілікті түзетуді шұғыл арада

қолға алыңыздар.

Мердігер мекемелер құрылыс жұмыстарына заманауи техника мен технологияларды пайдаланып, сапалы әрі мерзімінде орындауы тиіс. Алдағы уақытта сапасыз жұмыс

1-бет

/// БАСПАСӨЗ ТУРЫ

СОЛ ЖАҒАЛАУДА ТАҒЫ ОН ҮЙ САЛЫНУДА

Қызылорда қаласындағы Сырдарияның сол жағалауы қарқынды құрылыс аяғына айналған. Көпқабатты тұрғын үйлер күн санап артауда. Құрылыс басында атқарылып жатқан жұмыстар жайын қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Жәніс Файзуллаев кеңінен айтып берді.



Қала тұрғындарын жайлы баспанамен қамту ұдайы жалғасып келеді. Сапаға өткен жылы облыс әкімінің қолдауымен 10 млрд 122,1 млн теңге бөлінді.

Сырдария өзенінің сол жағалауында былтыр жеті көпқабатты 84 пәтерлік 6 тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл «Отбасы банк» арқылы жүзеге асты. Бағдарлама бұл жағалауда 400 пәтерлік көпқабатты он тұрғын үйдің құрылысы жүрде. Жұмыс былтыр басталған, биыл мамыр айында толық аяқталмақ.

Сонымен қатар қосымша 570 пәтерлік 12 тұрғын үй салуды жоспарлап отырмыз. Әлеуметтік осал топ санатындағы азаматтарға пәтерлер пайдалануға берілді. Баспанасы апатты деп танылған тұрғындарды жаңа үйге көшіру сәтті жүзеге асырылуда. Қазір «Титов» қыстағында 135 пәтердің құрылысы аяқталды, келер айдан бастап тұрғындар жаңа пәтерлеріне қоныстанады. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасады. Көктемде осал топ санатындағыларға арналған

135 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысы басталады. Қаражат мәселесі толығымен шешілген. Тек ауа райының жылынуын күтіп отырмыз. Бұл тұрғын үйлердің барлығы да қажетті инфрақұрылым, яғни су, жылу, электр, телефон желілері және көріз жүйесімен қамтамасыз етіледі, – деді бөлім басшысы.

Қазір құрылыс аяғында жұмыс қызу жүрде. Құрылысты «Орион», «Интегрострой», «Технастек Рем-сервис», «Авангард ППС», «ПромстройСервис Е», «Асар», «Аман-Құрылыс» мекемелері жүргізуде. Қажетті материалдардың басым бөлігі отандық.

Баспасөз туры барысында бес көпқабатты тұрғын үйдің ішкі жұмыстарын көріп шықтық. Жобаға сәйкес тұрғын үйлердің кіреберіс көшіру сәтті жүзеге асырылуда. Қазір «Титов» қыстағында 135 пәтердің құрылысы аяқталды, келер айдан бастап тұрғындар жаңа пәтерлеріне қоныстанады. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасады. Көктемде осал топ санатындағыларға арналған

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»



БАҒА ЖӘНЕ «АРТ-СПОРТ» АХУАЛЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен тұрақтандыру қорындағы картоп, басқа да азық-түлік өнімдерінің көлемі, «Арт-спорт» бағдарламасының өнірде іске асырылуы талқыланған мәжіліс өтті. Оған селекторлық режимде қала, аудан әкімдері мен жауапты сала басшылары қатысты.

Жиында облыс басшысы күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты нақты тапсырмалар жүктеп, олардың орындалуына асқан жауапкершілікпен қарау керектігін ескертті.

Ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік басқармалары, «Бай-қойыр» ӘКҚ, қала және аудан әкімдері, азық-түлік, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасына шұғыл арада мониторинг жүргізіліздер.

Әлеуметтік дүкендер мен ірі сауда үйлеріндегі әлеуметтік бұрыштарды қатаң бақылауға алыңыздар. Бағаны негізсіз өсіруді, алыпсатарлықты болдырмау үшін қадағалауды күшейтіңіздер.

Екінші мәселеге қатысты, прокуратура органдарының ұсынымдары бойынша бюджет қаржысын заңсыз иемденген өнім берушілерден қаражатты бюджетке өндіру жеделдетіңіз. Заң бұзушылықтарға жол беріп, талаптарды орындамаған өнім берушілермен келісім-шартты біржақты бұзу керек.

Облыстық экономика және қаржы, мәдениет, архивтер және құжаттама, денсаулықтыру, спорт және туризм басқармалары, Қызылорда қаласы мен аудан



әкімдері бірлесіп, ауылдық жердегі клубтарды қалалық және аудандық мәдениет бөлімдеріне берудің тиімділігін зерттеп, ұсыныстар енгізіңіз, – деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда «Арт-спорт» бағдарламасына бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалыуына жүргізілген тексеру туралы облыс әкімінің

бірінші орынбасары Данияр Жаналинов баяндады.

Мемлекеттік тапсырысқа бөлінген бюджет қаржысының тиімді, мақсатты жұмсалыуын қадағалау үшін құзырлы органдар арнайы жұмысшы тобын құрып, тексеру жүргізілуде.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// БРИФИНГ

КІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСЫ

Мемлекеттік кірістер органдарының негізгі міндеті – бюджеттің кіріс бөлігін және мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бүгінде кірістер департаменті жүйелі жұмыстар атқаруда. Мәселен, былтыр бекітілген мемлекеттік бюджет жоспары 102%-ға орындалып, қажетті қаржы артығымен өндірілді. Сәйкесінше, түсімнің осы қарқыны артты.

Салықтық түсімдер бойынша республика көлемінде Қызылорда 6-орында, түсім қарқынынан 3-орынға табын тіреді. Бұл туралы облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысының міндетін атқарушы Әділбек Бекішев мәлімдеді.

Біздің басты құндылығымыз – салық төлеушілер, ал мақсатымыз – салық төлеушілерге барынша қолайлы жағдай жасау арқылы сапалы қызмет көрсету.

Облыстың мемлекеттік кірістер органдары өткен жылы 656 836 мемлекеттік қызмет көрсетті. Электронды түрде 99,8%, қағаз түрінде 1 231 немесе 0,2%. Ал салық төлеушілердің санына келетін болсақ, облыс бойынша 2025 жылдың 1 қаңтарына 12 774 заңды тұлға, 58 855 дара кәсіпкер тіркелген.

Өнірде 68 257 шағын және орта бизнес өкілі бар. Берешегі бар салық төлеушілердің саны 21,9%-ға азайған, – деді ол.

«СБ» ақпарат

КӘСІПТІК БІЛІМГЕ КЕҢ ТЫНЫС

Колледж директоры Бектұр Қалидың айтуынша, қазір мұнда шәкірттер 10 мамандық түрінен 13 біліктілік бойынша білім алады. Олардың арасында электр газымен дәнекерлеуші, автомобиль жөндеу шебері, техник-механик, химиялық талдау зертханашысы, қазандық жабдығы бойынша қараушы-машинисті, қазандық және дайындау шехтарының жабдықтарын жөндеу жөніндегі слесарь секілді мамандар дайындалады. Сондай-ақ автомобиль жолдары, аэродромдар құрылысы және пайдалану бойынша техник-механик, ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисті, ағаш ұстасы және паркет жұмыстарының шебері, кең бейінді құрылыс жұмыстарының шебері, аспазшы және электромонтер секілді кәсіп иелері әзірленеді.

Байқасаңыз, бұл мамандық түрлерінің барлығы қазір зор сұранысқа ие. Сондықтан жұмысшы мамандықтар дайындау ісінде сапаға ерекше мән береміз. Қоғамда жастардың көпшілігі жоғары білім алуға ұмтылатын үрдіс байқалады. Дегенмен жұмысшы мамандықтарға сұраныс ешқашан төмендеген емес. Әсіресе, кейінгі уақытта сұраныс өсіп отыр әрі жаңа кезеңнің талаптарына сай білікті маман дайындаудың талабы күшті. Жақсы маман жерде қалмайды. Кейбір жұмыс берушілердің ұсынған жалақысы өте жоғары. Мұны елекке салып, еңбекке ынталы жастардың құшынысы арта бастады. Мәселен, 2023 жылы колледжде 142 түлек түссе, былтыр 148 жас құжат тапсырды, – дейді колледж директоры.

Жастарды қазіргі талапқа сай



келмейтін бұрынғыдай құрал-жабдықпен қызықтыра да, ынталандыра да алмайсың. Мұны оқытушы-шеберлер жақсы түсінеді. Колледжде газ-электр дәнекерлеуші мамандығы бойынша тәлім беретін Батырбек Жүзбембетов кезінде материалдық-техникалық қиындықтар болғанын жасырған жоқ. Қаржы мәселесіне байланысты кейбір құрал-жабдықтарды алуға қол қысқа еді. Қазір шеберлігін жетілдіремін деген әрбір жастың оқу орнынан жақсы маман болып шығуына мүмкіндік бар.

Айталық, газ-электрмен дәнекерлеу ісі шеберлікті қажет етеді. Озық құралды шебер пайдалана алу керек. Шеберханада тұрған құрал-жабдықтың барлығы дерлік кейінгі жылдары алынды. Аймақтағы өндіріс орындарында осындай аппараттармен жұмыс жасайды. Сол себепті бізде білім алған жастар еңбек етіп жатқан ұжымдарында ешқандай қиындыққа

тап болған жоқ. Өздеріне сеніп тапсырылған жұмысты сапалы орындайды, – деді ол.

Қазір құрылыста озық үлгідегі

техникалар пайдаланылады. Біз колледже ауласында кран, жер тегістейтін, қазатын трактор және өзге де көліктердің

тұрғанын байқадық. Осының бәрі жас мамандарды дайындауға қызмет етеді. Тіпті, алғыр, іске қабылетті жастар тәжірибелі мамандардан кем түспейді екен.

Колледжде бірқатар кәсіп-орындармен меморандум жасалған. Олардың қатарында «Қызылорда жылыу-электрорталығы» МКҚ, «Дорстрой», «Квант», «Мелиоратор», «Мұраптехсервис», «Нұрторгстрой», «Промстройсервис Е», «Хан», «Энергосервис» ЖШС секілді іргелі мекемелер бар. Барлық жұмысшы мамандықтар бойынша грант қарастырылған. Оған түскен жастардың барлығы мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алады. Колледждің білім алушыларына үш әлеуметтік төлем жүргізіледі. Мемлекет тарапынан шәкіртің, ыстық тамаққа ақша беріледі. Оған қоса ауылдық жерден оқуға түскен білім алушылар үшін қалааралық қатынас

(таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз етуге сәйкес жылына екі мәрте отамақ төленеді. Сондай-ақ білім алушыларға жатақхана қарастырылған, – деді Б.Қали.

Колледж түлектері арасында жеке кәсіппен айналысып жүргендер бар. Мәселен, электр газымен дәнекерлеуші мамандығы бойынша білім алғандар арасында халыққа қажетті көптеген бұйымдарды шығарып жатқан мамандар қатары көбейген. Ал кейбір түлектер көлік жөндеу шеберханасын ашып, кәсіпті нәсіп етуде.

Айта кетейік, колледж 2021 жылы ҚР Білім және ғылым министрілігі, «Талап» коммерциялық емес акционерлік қоғамы тарапынан ұйымдастырылған «Жас маман» жобасына қатысты. Нәтижесінде мұнда автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, ішкі санитарлық-техникалық құрылыстарды, желдеткіштерді, инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану, жол-құрылыс машиналарының техникалық пайдалану мамандықтары бойынша шеберханалар жабдықталған. Сонымен қатар «Көлік жөндеу» орталығын ашуға мүмкіндік тапты. Қадрларды дайындаудың халықаралық стандарттарын енгізу, бағдарламаларды жаңартуға негіз қалады. Алынған жабдықтардың барлығы орнатылып, шеберханалар толықтай жабдықталды. Жабдықтаушы мекеме мамандарының инженер-педагогтерді оқу курсынан өтіп, сертификатталды.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

1-бет



КАМАЛ ШӨКЕНОВ – 90

ҚАРЖЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ

Адам өмірінң қоғамдағы алатын орны өте зор екендігі біршама аян...

Камал ағамыз саналы өмірін қаржы жүйесінде қызмет етуге арнады. 1935 жылы «Қарақеткен» теміржол станциясында дүниеге келіп...

Өмірде барынша қарапайым, кішіпейіл, кісі ақысын жемейтін, өте тәрбиелі жан еді. Сонымен қатар ашуды сабырмен, қатыгездікті қарапайымдылықпен, дерексіздікті сыпайлықпен, әдептілікпен, сыйттықты әділдікпен жеңуге болады деген қағиданың туын өмір бойы биік ұстап өтті...

«Мен бүкіл саналы 40 жыл еңбек жолымда барлық күш-жігерім мен қабілет-қарымымды да тірілік-тауқыметі мол қаржы саласына жұмсаған екенмін. Осы мерзім ішінде қашанда адалдықтың ақ жолынан айнымай ел-халқымын жоғын жоқтап, мұнын мұндап, жанына

Товарищ Зверев критикуется за то, что он, руководя финансовой системой, заботится о поступлении денежных средств государству. Нужно было в этом случае не критиковать, а помогать ему в организации дела. Для того он и поставлен на пост наркома финансов, чтобы обеспечивать потребности страны в денежных средствах...

Камал Шөкеновтің осы жоғары адамгершілік қасиеттері мен қаржы саласына берілгендігі, оның ата-анасының тәрбиесі, сол кездегі қоғам талаптарынан қалыптасқан әдет-әулеміміз. Ол кісінің жастық шағы түкпірдегі теміржол бекетінде күркісі төмендеу, әке-шешесі аурулы-сырқаулы отбасында өтіп, өзі жастайынан еңбекке араласып, білім алуға талпынуға тура келді. Суранып соғыс жылдары 8-10 жасар ауыл балаларының қатарында 50-60 шақырым қашықтағы Қараөзектің жағасындағы қырманнан есекке екі-үш қаптан астық артағын. Көліктері бірне-бірін байлап, өздері жауу «Қарақеткен» астық қабылдау пунктіне жеткізеді. Жолда, түнде болатын қиыншылықтар, әсіресе, шаршаған, жатаған мақұлықтардың азабы, тесілген қанар қаптардың әлегі, бәрі-бәрі естен кетпейтін көріністер бала Камалды уақытынан бұрын есейтті. Сол кездегі еңбегін Кеңес үкіметі бағалап 10 жасар Камал Шөкенов 1945 жылы «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы қажырлы еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Облысымыздың экономикасы мен дамуы, тұрғындардың тұрмыс жағдайының жақсаруы,


қаржылық қамтамасыз етілуінің бірқатар штрихтарын еске түсірейік. 1988 жылы шөл және шөлейт, суы тапшы, табиғаты қолайсыз аймақтарда тұрғаны үшін облыс тұрғындарының айлық жалақысына 1,15 аудандық коэффициент енгізілуі мәселесін сол кездегі облыс басшысы Е.Әуелбеков одақтық органдар алдында көтерді. Соның барлық есебін дайындап, Мәскеудегі құзырлы мекемелерге уақытылы тапсырылуын қамтамасыз еткен осы Көмекең еді. Кейін тағы да Арал өңірі халқына экологиялық апат аймағы тұрғындары мәртебесін беру және оларға айлық жалақыға қосымша 1,30-1,50 экологиялық коэффициент енгізілуі үшін есептерді сауатты да толық уақытылы жасауға Камал Шөкеновтің еңбегі орасан болды. 1993 жылдан бері аталған заң өңір халқының игілігіне жұмыс атқаруда. Еліміз егемендік алған соң мемлекетаралық қарым-қатынастардың үзілуі, бұрынғы одақ кәсіпорындары арасындағы алыс-беріс есептерінің шиеленісуі бір-біріне қарыздарын орасан өсіріп, заңды тұлғалардың бюджет алдындағы міндеттемелерінің орындалмауына апарып соқты. Бюджеттен қаржыландырылатын мекеме қызметкерлерінің айлық жалақысы, еңбеккерлерінің жұмысшыларының еңбегімен мен зейнеткері бірнеше айлап кешіктірілді. Нақты қаржы айналымы мен кәсіпорындар қарызын өтеу үшін 1996 жылы жай вексель мен есептік міндеттемелер айналымға шығарылып, жағдай біршама тұрақталды. Сонымен қатар осы уақытта облыс орталығына ілесіп газ алып келу мақсатымен республикада екінші болып 1997 жылы 3 жылға арналған 100 млн теңгеге «Инвестиция-газ» облигациясын шығарып, газдандыру жұмысын бастауға мүмкіндік алған едік. Осы күрделі, бұрын біздің тәжірибемізде кездеспеген, облысымызда іске асуы үшін шығарылған бағалы қағаздарда қаржы басқармасының басшысы Камал Шөкеновтің аты мен қолтаңбасы облыс әкімі Бердібек Сапарбаевпен бірге тұрды.

Аймақтың қаржы саласында қызмет атқарған 40 жыл уақытында бұрынғы Одаққа, республика, облысымызға аты белгілі кадрлар даярлады. Көмекеңнің шапанынан шыққан қаржыгерлерді жүздеп санауға болады. Атап айтқанда, Парламент Мәжілісінің 2 шақырылым депутаты Құттықожа Ыдырысов, бірнеше министрліктің вице-министрі болған Рахымберген Токсейітов, бірқатар облыста қаржы салық органдарын басқарған Дайрабай Ысқаков, Ресей қаржы жүйесінің генералы Гальмужан Шәмшіев, бірқатар облыстың қаржы, салық, қазынашылық, қаржылық бақылау органдарын басқарған Нұрғұл

ҚЫЗЫЛОРДА: БІР ҒАСЫР БҰРЫН

МӘЖІЛІС ХАТТАМАСЫ

Ресей Федеративтік Кеңестік Республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің Қырғыз (Қазақ) АКСР-ін құру жөніндегі декреті 1920 жылы 26 тамызда қабылданды. Бірақ, Жетісу мен Сырдария облыстары Орта Азия территориясындағы халықтарды біріктіретін Түркістан Республикасының құрамында қалды.



Орынбор губерниясын Қырғыз АКСР-і құрамынан РКФСР құрамына бөлу туралы, 06.04.1925 жс.

1924 жылы Орта Азияда ұлттық мемлекеттік шекараларын белгілеген Өзбекстан, Түркістан Республикалары және Қырғыз, Тәжік автономиялық облыстары құрылды. Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Республикасының әкімшілік-саяси орталығы – Орынбор қаласының шоғырланған қазақ ұлты орнынан қашықтығы жергілікті жерлердегі партия, кеңес, шаруашылық ұйымдарымен байланысып, тапсырмаларды орындауға қиындық келтірді.

Қазақстан астанасына Ақмешіт қаласы ұсынылғанда қазақтардың көп тұратыны, үстінен өтетін «Орынбор-Ташкент» теміржолы республиканы Ресеймен, Қазақстанның батыс, оңтүстік аудандарымен және Орта Азия республикаларымен байланыстыратыны және үлкен үміт күттіретін суармалы егістің орталығында орналасқаны тілге тиек етілді.

Сол тұстары С.Қожанов былай деп жазды: «Қазақстан астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан қазақтың киіз ауылында болса да, қазақ жұртшылығына жуық болуы керек...».

С.Қожанов пен С.Садуақасов республиканы басқарған уақытта осы аталған мәселені ұлттық мүдде тұрғысынан көтеріп, мақсаттарына жеткен.

Қырғыз (Қазақ) Орталық Атқару Комитеті (КирЦИК) Президиумы 1925 жылдың ақпанында республика астанасын Орынбордан Ақмешіт қаласына көшіру жайлы қаулы қабылдады.

Сол жылы 6 сәуірде Орынбор губерниясы Қырғыз (Қазақ) автономиясы құрамынан шығарылып, РКФСР құрамына өткізілді. Осылайша қазақтың әдет-ғұрпы, салты, діні, руханияты таза сақталған Сыр бойындағы Ақмешіт қаласы астана болды.

Облыстық мемлекеттік архивінен

МЕРЕЙ



ҚАЛАМГЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Қармақты ауданының Құрметті азаматы, ақын, жазушы Алтай Үсенұлы 70 жасқа толды. Жыл бастауында аудан әкімі Жандос Еркінбек ардагерді қабылдап, мерейтойымен құттықтады. Саналы ғұмырын халықтық іске арнап, елдің мұң-мұқтажын жаңымен түсініп, еңбегімен төрге озған Алтай Үсенұлының ауданның руханият саласында атқарған еңбегі мен қалдырған қолтаңбасы ерекше.

– Ұзақ жыл бойы ауданның айнасына айналған «Қармақты таңы» газетін басқарып, қызмет еттіңіз. Бірнеше жас буын өкілі сіздің шығармашылық мектебіңізден өтіп, өмірге жолдама алды, тәжірибе жинақтады. Қырық жылдан астам еңбек жолыңызда бас редакторлық қызметпен қоса, ауданның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық өмірінде де белсенділік танытып, бірнеше мәрте аудандық мәслихат депутаты болдыңыз. Өнегелі жарқын жолыңыз бен табанды еңбегіңіздің нәтижесінде Қармақты ауданының Құрметті азаматы атандыңыз. Қазақ халқы өзіңіздей елге тілеуезд, ұлтқа жанашыр ақсақалын ардақ тұтып, құрмет төріне шығарған. Сіздің елге деген адал еңбегіңізге алғыс білдіре отырып, мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз, – делі аудан әкімі.

Сондай-ақ аудан басшысы талантты қаламгердің рухани байлығы мен шығармашылық қарымының ел құрметіне бөленіп, одан әрі де кемелдене беретініне сенім білдіріп, оған зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасы амандығы мен шығармашылық табыстар тілеп, қазақы дәстүрге сай иығына шапан жауып, құрмет көрсетті. Одан кейін «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Марат Аралбаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Асқар Мерек, білім саласының ардагері Дастан Нәзікбаев сөз сөйлеп, мерейтой иесін құттықтады. Сондай-ақ оған Қызылорда облысының Құрметті ардагері төсбелгісі табысталды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

НАРЫҚҚА ЖОЛДЫ НАҚТЫ ҚАДАМ ШЕШЕДІ

Бұл істі бастау көптен ойда болды. Жазда піскен өнімді дер кезінде сатып немесе бақалай кәдеге жаратпаса бұзылып кетеді. Шиеінің жері тың болғандықтан шығар, қызанақ ұзақ жолға жарайды. Өзге өңірлермен қатар Ресейге де жөнелтеміз. Езілмей қалпын сақтайды. Тек шіде айларында сұраныс азаяды. Себебі екінші бірінші бақшасында піседі. Бағасы да төмендейді. Қыркүйекте халық қыс қамына кіркенде ғана сұраныс арта бастайды. Жаз айларында талай диқаннның өнімі ысырап болады. Бір күннің өзінде қаншама тонна қызанақ жарамсыз күйде төгіледі. Обал дүние, бірақ амал жоқ.

Солан ізденіп, қызанақтан томат жасауды қолға алдым. Тіпті сала қызметкерлерімен кездесіп, бизнес жоспар құрдым. Алматы қаласындағы білікті технолог мамандармен кенестім. Алдымен талапқа сай ғимарат салдым. Үлкен іс болғандықтан құрал-жабдықтардың заманауи үлгідегі автоматтандырылғанын алғанды жөн санадым. Бірақ бұл да әжептеуір қаражатты талап етеді. Осы тұста мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көрдім. «Ауыл аманаты» жобасы аясында 27 млн теңге несие алып, көршілес Ресей мемлекетінен қажетті құрылғыларды алдырдым. Өнімді құюға арналған құтылар да Ресейден келеді. Ал сыртқыдағы қаптамасы Алматы қаласында дайындалады, – дейді ол.

Бүгінде кәсіпкер 10 түрлі өнім шығарады. Атап айтар 1-бет.



болсақ, қызанақ, баклажан және ашы салаттың бірнеше түрі, қызанақ, қауын, қарбыздан тоспаның үш түрі дайындалады. Құтысы 250 грамнан бастап 1 литр аралығында. Бағасы нарықтағыдан 30 пайызға төмен. Өзірге Қанаттың өнімі облыс көлемінде сатылып отыр. Тұтынушылар тарапынан да оң бағасын алып үлгерді.

– Өнімнің сапасына екіпелдік беремін. Бау-бақшада ешқандай химиялық тыңайтқыштар қолданылмайды. Таза өнім болғандықтан құрамын сақтайды. Құтының сыртында қоспасы, қалай сақталу керектігі, бәрі де жазылған. Табиғи өнім болған соң ұзақ сақтауға келмейді. Мысалы, өзге елдерден және өзімізден шығатын өнімнің құрамында ұзақ сақтауға арналған қоспалар қосылды. Сол себепті сауда сөрелерінде өтіп кеткенше тұра береді. Ал біз



мұндай қоспаларды қоспадық. Өзірге 10 түрлі өнім шығарып тұтырмыз. Биыл тағы да 10 түрлі шығаруды ойластырудамыз. Маусым айында қызанақ, қауын, қарбыздан шырын дайындап көреміз. Сонымен қатар томат соустары мен шие тоспа да саудаға шығарсақ деген ниет бар, – дейді кәсіпкер.

Өнім өткізуге қолдау қажет

Әңгіме барысында өнімді өткізуге жайы қалай болып жатқанын сұрадық. – Біздің өнімдер облыс аумағына ғана шығарылып жатыр. Оның өзінде ірі сауда орталықтарымен келісім әлі де жүргізілуде. Бұрын жергілікті тауар өндірушілердің өнімін қолдауға арналған жақсы жоба бар болатын. Сауда орталықтарында арнайы бұрыш жасакталатын.

Сонда жергілікті кәсіпкерлердің тауары қойылатын. Халық өзімізден қандай заттар шығып жатқанын біле алатын. Осы ретте біз кәсіпкерлік саласындағы арнайы мамандармен де бірлесіп жұмыс істеуімізді. Еліміздің барлық өңіріне шығаруға да талпыныс бар. Алғашқы қадамды бастадық, Батыс Қазақстанға өнім жіберудің жолдарын қарастыраудамын, – дейді ол.

Әрине, қай кәсіпте де бәсеке бар. Осындай кәсіп әсіресе, Шымкент қаласында жақсы дамыған. Түр-түрін шығарады. Ал Қанат Мұсаев өзіне сенімді, саланың қыр-сырын зерттеп, көп ізденді. Ұтымды тұсы – өзі де диқан. Өнімнің 90 пайызы бақшасында піседі. Дайын дақылдардан тосап, шырын, салат түрлерін шығарады. Қазір 10 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Биыл жұмыс ауқымы кенейсе, тағы да 10-нан

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

